


2022 жылдың мамыр айындағы іскерлік белсенділік индексі туралы
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Мамырда іскерлік белсенділік индексі **49,0** (сәуірде – 49,5) болып, біршама төмендеді. Алайда, экономика геосаяси жағдайдың және онымен байланысты салдардың ықпалында болған наурыздағы деңгейден (48,2) индекс жоғары қалыптасты.



Іскерлік белсенділіктің өсуі өндіріс секторында байқалды: индекс **50,9-ға** дейін көтерілді (сәуірде – 50,5). Қызмет көрсету секторында және тау-кен өндіру өнеркәсібінде іскерлік белсенділік, тиісінше, **48,8-ге** және **48,3-ке** дейін төмендеді. Құрылыста индекс 44,6-дан **46,2-ге** дейін көтерілді.

Барлық секторда жеткізілім мерзімдері ұзарғаны байқалады, құрылыста жұмыспен қамту жағдайы аздап жақсарды, бірақ тапсырыс көлемі төмен деңгейде қалып отыр.

2022 жылғы мамырда кәсіпорындардың **ағымдағы** бизнес-жағдайларды бағалауы өзгеріссіз қалды. Теріс өзгерістерді атап өткен респонденттер саны бұрынғысынша басым.

Алайда, кәсіпорындардың **болашақ** бизнес-жағдайларына қатысты сенімі айтарлықтай жақсарды (келешек жағдайларды бағалау биылғы сәуірдегі 7,3-тен 22,5-ке дейін ұлғайды).

Нәтижесінде ағымдағы және болашақ бизнес-жағдайларды орташа бағалауды білдіретін бизнес-ахуал индексі бизнесті жүргізудің болашақ жағдайларына қатысты, әсіресе, құрылыс саласындағы кәсіпорындарда оптимизмді жақсарту есебінен 9,2 (сәуірде – 2,2) құрап, айтарлықтай жақсарды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>